

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

## 2021-2022 оқу жылының I-жартыжылдығында жас мамандармен атқарылған жұмыстың есебі

Биылғы оқу жылы мектебімізде 7 жас педагог жұмыс атқарады. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында жас мамандардың табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау мақсатында «Жас мамандар» мектебі жұмыс жүргізеді. Жас мұғалімдердің кәсіби дайындық деңгейін анықтау, нормативтік құжаттармен жұмыс істеуді меңгерту, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындау, мектеп құжаттарын жүргізу, элективті, таңдау пәндері бойынша және жеке және топтық курс бағдарламаларын дайындаудағы жеке консультациялар, қазіргі сабаққа қойылатын талаптар, оқу процесін ұйымдастыру формалары, олардың үйлесуі, қазіргі мектептегі сынып жетекшісінің қызметі сияқты мәселелер отырыстарында қаралды. Қыркүйек айында жас мамандардың тізімі жасалды, сапалық құрамын анықталды, «Жас мамандар» мектебінің жұмыс жоспары бекітілді. 3 жас маманға Аманболдин Б.Ж., Шалабаева А.Б., Сабиева Н.Ж., -Онгарбай Ж., Сағатай А.А. - Искакова Д.М. тәлімгерлер болып тағайындалды, жұмыс жоспарлары бекітілді.

Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында оқу ісінің орынбасары Оспанова Ш.С. "Тиімді жоспарланған сабақ жоспары - нәтижелі сабақ кепілі" мектепшілік семинар-коучинг өткізді.



Қазан айында тәлімгер-мұғалімдер Искакова Д.М., Шалабаева А.Б., Онгарбай Ж., бейінді оқыту ісінің орынбасары Кусанова С.З. жас мамандар арасында «Оқушылардың іс - әрекетін ұйымдастыру» тақырыбында теориялық сабақтар мен шеберхана өткізді. Осы отырыста жас педагогтер белсенді оқыту әдістерін қолдану, оқу процесін ұйымдастыру формалары, олардың үйлесуі, оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану, оқу іс - әрекетінің түрлері, сабақ барысында теориялық бөлімді белсенді формалармен тиімді үйлестіру, дарынды балалармен жұмыс бойынша білімдерін арттырды.





Қараша айында тәрбие ісінің орынбасары Қайржанова М.Н. «Жас сынып жетекшісі» тақырыбында семинар өткізіп жас мұғалімдермен қазіргі мектептегі сынып жетекшісінің қызметі, тәрбие жұмысының жоспарын құру және орындау бойынша жұмыс туралы мәселелерін талқылады.



Желтоқсан айында «Жас мамандар» мектебінің жоспары негізінде тәлімгер-мұғалімдер Шалабаева А.Б., Онгарбай Ж. «Мұғалімнің рефлексивті әрекеті. Сабақты талдау және ішкі бақылау» тақырыбында жас мұғалімдерге семинар-практикум өткізді. Сабақта жас педагогтар рефлексия, оның мәні мен түрлері, мақсатына байланысты оқу сабағын талдауға қойылатын талаптар, оқуға қойылатын талаптар, кәсіби қызметтегі алғашқы табыстар мен жетістіктердің рефлексиясы туралы түсініктерін кеңейтті. Тәлімгер педагогтар жас мамандарға оқытудың тиімді әдістері мен түрлерін, әдістемелік ұсыныстарды таңдап, оларды технологиялық үдерісте дұрыс үйлестіріп және ұтымды пайдаланған жағдайда оқу процесінде елеулі нәтижелерге қол жеткізуге болады екенін өз тәжірибесімен байланыстырып түсіндірді.



Дайындаған: Кусайнова С.З.-бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары